



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

*2022 жылғы 25 мамырдағы
№ ДС-183 сауалға*

Құрметті депутаттар!

«Қазфосфат» ЖШС жинақталған фосфогипс көлемі бойынша кәдеге жаратуға қатысты келесіні хабарлаймын.

Қазақстан Республикасының Экология кодексінде (бұдан әрі – Кодекс) қалдықтармен кезең-кезеңмен жұмыс істеуге бағытталған қалдықтар сатылығы көзделген, ол бойынша бірінші кезекте қалдықтардың түзілуін барынша азайту қажет, ал түзілген қалдықтарды қайта пайдалану, қайта өңдеу, кәдеге жарату және ең соңында полигондарда көму қажет.

Бұл ретте Кодекстің 318-бабының 1-тармағына сәйкес қалдықтарды түзуші немесе заңды иелігінде қалдықтар болатын кез келген тұлға қалдықтардың иесі деп түсініледі. Кодекстің 331-бабында қалдықтарды түзушілер болып табылатын кәсіпкерлік субъектілері қалдықтар түзілген кезден бастап берілген кезге дейін осындай қалдықтарды тиісінше басқаруды қамтамасыз етуге жауапты болады деп көрсетілген.

Фосфогипс қалдықтарының иесі «Қазфосфат» ЖШС екенін ескере отырып, аталған заңды тұлға қалдықтарды қауіпсіз басқаруды дербес жүзеге асыруға тиіс.

Өңірлерге және фермерлерге тасымалдап жеткізу үшін субсидия есебінен қаржы бөлуге қатысты мынаны хабарлаймын.

Фосфогипс фосфор тыңайтқыштарын өндіру кезінде ілеспе өнім болып табылатынын және тыңайтқыш болып табылмайтынын ескере отырып, фосфогипсті сатып алуды субсидиялау тиімсіз деп санаймыз.

Сонымен бірге, сіздердің сауалыңызда үйінділерде фосфогипстің жинақталуы экологиялық проблема болып табылатыны, сондай-ақ Тараз қаласына жақын орналасуына байланысты қоршаған орта үшін елеулі қауіп төндіретіні атап өтілді.

Осыған байланысты, 2022 жылдың бірінші жартыжылдығы соңына дейін «Қазфосфат» ЖШС-не Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 10 желтоқсандағы № 493-п бұйрығымен бекітілген Қоршаған ортаны қорғау саласындағы бақылау субъектісіне

(объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау тізімі негізінде профилактикалық бақылау жүргізіледі. Профилактикалық бақылаудың нәтижелері бойынша «Қазфосфат» ЖШС тарапынан бұзушылықтар анықталған жағдайда, қолданыстағы заңнама шеңберінде шаралар қабылданатын болады.

Тұтастай алғанда табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері Үкіметтің бақылауында.

Р. Скляр

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ



ПЕРВЫЙ ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан

На № ДС-183 от 25 мая 2022 года

Уважаемые депутаты!

Относительно утилизации по накопленным объемам фосфогипса ТОО «Казфосфат», сообщаю следующее.

Экологическим кодексом Республики Казахстан (далее – Кодекс) предусмотрена иерархия отходов, направленная на поэтапное обращение с отходами, где в первую очередь необходимо минимизировать образование отходов, а образованные отходы нужно повторно использовать, перерабатывать, утилизировать и лишь в последнюю очередь захоранивать на полигонах.

При этом в соответствии с пунктом 1 статьи 318 Кодекса под владельцем отходов понимается образователь отходов или любое лицо, в чьем законном владении находятся отходы. В статье 331 Кодекса указано, что субъекты предпринимательства, являющиеся образователями отходов, несут ответственность за обеспечение надлежащего управления такими отходами с момента их образования до момента передачи.

Учитывая, что владельцем отходов фосфогипса является ТОО «Казфосфат», указанное юридическое лицо должно осуществлять безопасное управление отходами самостоятельно.

По вопросу выделения средств за счет субсидий на транспортировку в регионы и фермерам сообщаю, учитывая что фосфогипс является попутным продуктом при производстве фосфорных удобрений, и не является удобрением, считаем не целесообразным субсидирование приобретения фосфогипса.

Вместе с тем, в Вашем запросе отмечено, что накопление фосфогипса в отвалах является экологической проблемой, а также представляет серьезную опасность для окружающей среды в связи с близостью города Тараза.

В этой связи до конца первого полугодия 2022 года будет проведен профилактический контроль ТОО «Казфосфат» на основании списка профилактического контроля с посещением субъекта (объекта) контроля в

области охраны окружающей среды, утвержденного приказом Министра экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан от 10 декабря 2021 года № 493-п. По результатам профилактического контроля при выявлении нарушений со стороны ТОО «Казфосфат» будут приняты необходимые меры в рамках действующего законодательства.

В целом вопросы рационального использования природных ресурсов, охраны окружающей среды и обеспечения экологической безопасности находятся на контроле Правительства.

Р. Скляр